

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу»

1. Жалпы ережелер

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымдарындағы педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге, ұйымдастырушы-педагогтер, кураторларға, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жатахана тәрбиешілеріне арналған.

Бұл бағдарламаның өзектілігі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік саясатының қазіргі талаптарына сәйкес жеке тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің интерактивті стратегияларын зорлық зомбылықтың алдын алуда қолдану мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыруда педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту қажеттілігіне негізделген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылы Қазақстан халқына Жолдауында өскелең ұрпақтың психикалық денсаулығын сақтау бойынша жаңа шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. Осы мақсатта білім беру ұйымдарында психологиялық қолдау қызметін институционалды күшейту, бірыңғай сенім телефонын ұйымдастыру және зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетудің тиімді бағдарламасын әзірлеу талап етіледі.

Бағдарламаның өзектілігін анықтайтын маңызды аспект – мемлекеттің белгіленген мәселеге назар аударуы. Заңнамалық деңгейде Қазақстан Республикасы балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың құқықтарын қорғау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан 15 халықаралық құжатты ратификациялады, оның біріншісі Бала құқықтары туралы Конвенция болды. Оның барлық баптары бүгінде елдің заңнамалық актілеріне енгізілген. Балалардың құқықтарын реттейтін 45-тен астам нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңының «Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары» 6-бабының 4,5 тармақтарына сәйкес «балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету» біздің мемлекетіміздің мақсаттарының бірі болып табылады.

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі Заңында балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарының бірі психологиялық жас ерекшеліктерін, ақпараттық ортаның теріс ықпалына осалдығын ескере отырып, мемлекеттің балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуі (2-тарау, 4-бап, 1-тармақ).

Белсенді мемлекеттік қолдауға қарамастан, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау саласында бірқатар проблемалар байқалады: әрбір білім беру ұйымының жұмысындағы міндетті мақсатты бағдарлардың бірі болып табылатын балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің үйреншікті жүйесі балалардың психологиялық қауіпсіздігі мен денсаулығына қамқорлық жасауды қамтамасыз етуге кепілдік бере алмайды; «Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінез-құлқы» HBSC-2022 ұлттық зерттеуінің қорытындысы бойынша Қазақстанда 11 жастан бастап әрбір төртінші оқушы буллингтің қандай да бір түріне ұшырайды. Орташа алғанда, жасөспірімдердің 20% - дан 40% - на дейін кибербуллинг жасалады және бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп келеді.

Осыған байланысты білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алудың тиімді кешенді бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру саласындағы педагогтердің біліктілігін арттыру қажет.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау шеңберінде буллинг, зорлық-зомбылық, агрессия, деструктивті культтер, радикалды діни ағымдар фактілері бойынша тәрбие және ағарту жұмыстарын жақсарту, білім беру ұйымдарының басшылығымен бірлесіп профилактикалық жұмысты күшейту қажеттігін, сондай-ақ «АМАНАТ» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған 2023 жылғы 23 мамырдағы «ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ!» сайлауалды бағдарламасының міндеттерінің бірі барлық балалар білім беру және демалыс ұйымдарының ішінде және олардың айналасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылатынын атап өтті, осыған орай «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» білім беру бағдарламасы әзірленді .

2. Глоссарий

Ауызша зорлық-зомбылық – мазақ ету, балағаттау, жыныстық сипаттағы орынсыз ескертулер, әжуалау, зиян келтіру қаупі.

Әлеуметтік зорлық-зомбылық – біреудің беделін немесе арақатынасын бұзу, біреуді қасақана елемеу, кейбір оқушыларды ешкіммен дос етпеу және біреуді көпшілік алдында ұялту ниетімен қауесеттер мен өсектерді әдейі тарату.

Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі – ол психологиялық денсаулықты қамтамасыз ететін зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғану,

сонымен қатар адамның және ортаның сыртқы және ішкі жағымсыз әсерлерінен сақтану.

Бопсалаушылық – бір немесе бір топ оқушының басқа оқушыдан ақша немесе басқа жеке заттарды талап етуі, егер оқушы оларға қалағанын бермесе, физикалық зорлық-зомбылық немесе зиян келтіреді деп қорқыту.

Буллинг (ағылш. *bullying, bully* – бұзық, төбелескіш, сотқар, дөрекі, жәбірлегіш) – балалар арасындағы жүйелі, үнемі қайталанатын қорлау, жағымсыз, агрессивті мінез-құлық, бұл жас, дене бітімі немесе әлеуметтік мәртебесінегізінде күш тепе-теңдігінің нақты немесе айқын бұзылуына әкеледі. Жәбірлеу қорқыту, қауесет тарату, физикалық немесе ауызша тиісу және топтан біреуді қасақана шығарып тастау сияқты әрекеттерді қамтиды.

Виктимді мінез-құлық (лат. *victima* – жәбірленуші) – жәбірленушінің мінез-құлқы.

Гендер – қоғамдағандарға биологиялық жынысына байланысты орындауды бұйыратын әлеуметтік және мәдени нормалардың жиынтығы. Қоғам гендерді әйелдер мен ерлердің қоғамдағы және оның институттарындағы (отбасы, саяси құрылым, экономика, мәдениет, ғылым, білім және т.б.) орны мен рөлін айқындайтын ерлер мен әйелдердің әлеуметтік модельдері ретінде құрады (қонструкциялайды).

Дискриминация (лат. *discriminatio* – ажырату) – оқушының құқығы мен заңды мүдделеріне әдейі нұқсан келтіру немесе ұлтына, мемлекеттік тиістілігіне, мүлдіктік, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, жынысына, діни сеніміне немесе мүгедектігіне байланысты жүзеге асырылатын оқушыға деген ерекше көзқарас.

Жыныстық сипаттағы мәлімдемелер мен қысым көрсету – бұл жағымсыз ескертулер, жыныстық сипаттағы физикалық әрекеттер немесе оқушыға қатысты жыныстық қалау танытып, физикалық қысым көрсету.

Кейс-менеджмент-проблемалық жағдаймен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың жетекші технологиясы.

Кейс-стади (ағылшын тілінен *case* – жағдай) – нақты жағдаяттың жасырынды мәселелерін анықтай отырып, тиімді шешім табу критерийлерін іздеу және мәселені шешудің әрекеттер жоспарын жазудағы жеке және топтық талдауды ұйымдастыру арқылы жаңа білім алудың әдісі.

Кибербуллинг – басқа оқушыны қорлау, қорқыту немесе ұялту үшін Интернетті немесе басқа технологияны қолданатын заманауи байланыс құралдарын қолдана отырып, мысалы, жағымсыз, дөрекі, қатыгез SMS-хабарламаларды көрсету немесе жіберу және жеке ақпаратты, фотосуреттерді немесе бейнелерді Интернетте орналастыру.

Қашықтан білім беру технологиялары – білім алушы мен педагогтің жанама (қашықтан) немесе толық емес жанама өзара әрекет кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Медиация – білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі даулы және тартысты жағдайларды шешу мен алдын алудың жаңа тәсілі. Әдістің ерекшелігі – шиеленісті шешуге сырттан медиатор деп аталатын бейтарап және әділ адамды тарту. Оқу орындарының медиаторларының рөлін арнайы дайындықтан өткен педагогтер, психологтер, әлеуметтік педагогтер және оқушылар («тең топтар») орындай алады.

Психологиялық зорлық-зомбылық – оқушы немесе ересек адамның басқа оқушының үрейін ұшыру немесе зәресін алу үшін физикалық зиян келтіремін деп қорқыту кезінде балағаттау, тіл тигізу, кеміту, келекету, қорлау және қатыгез сөздерді қолдану.

Сезімталдық (лат. *sensus* – сезім, түйсік) – болып жатқан оқиғаларға сезімталдықтың жоғарылауымен көрінетін адамның сипаттамалық ерекшелігі, әдетте, жаңа жағдайлардың, адамдардың, барлық сынақтардың қорқынышының жоғарылауымен бірге жүреді.

Стигматизация – белгілі бір қоғамдастықта немесе жалпы қоғамда жағымсыз болып саналатын, жалпы стереотиптерге байланысты қолайсыз болып саналатын кезкелген ерекше қасиеттердің, белгілердің болуымен байланысты адамға біржақты көзқарас.

Физикалық зорлық-зомбылық – басқа адамға қарсы физикалық күш қолдану, мысалы, соққылар, тұншықтыру, шаштан сүйреу, зиян келтіру немесе жарақаттау үшін затпен немесе қарумен тиісу және шабуыл жасау.

Хейзинг (ағылш. *hazing* – табалап мазақтау, әсіресе жаңадан келгенді мазақ ету; қорқыту, қалжырату, ұру). Бұл кейде белгілі бір топқа қосылу құралы ретінде мағынасыз тапсырмаларды орындауды талап ететін жоралауланған қудалау, қатыгездік немесе қорлау.

3. Бағдарлама тақырыптары

Бұл курстың жаңалығы, Бағдарлама, техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыруда зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесіне кешенді, тәжірибеге бағытталған тәсілдерді іске асыратын және кейс-менеджмент негізінде әзірленгендігінде.

Бағдарламада білім беру ортасындағы зорлық-зомбылықтың (жанжалдың) пайда болу себептері жан-жақты қарастырылады, жіктеледі, әлемдік және отандық тәжірибеде зорлық-зомбылықтың алдын алу тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізіледі.

Бағдарлама әлеуметтік әріптестік дағдыларын, білім беру ұйымдарының әлеуметтік және психологиялық көмек, құқықтық тәртіп және денсаулық сақтау қызметтерімен ведомствоаралық өзара іс-қимылын дамыту мүмкіндігін көздейді. Бұл зорлық-зомбылықтың алдын алу іс-шараларының тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Бағдарлама агрессияға немесе құрбандыққа бейім балалардың психологиялық ерекшеліктерін ерте диагностикалау құралдарын, зорлық-зомбылықтың алдын алудың практикалық құралдарын, жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынасты дамыту бойынша тренингтерді ұсынады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарлама мақсаты – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту.

Бағдарлама міндеттері:

1. Курс тыңдаушыларының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу жөніндегі педагогтің қызметін реттейтін мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелері туралы білімдерін кеңейту;

2. Білім алушылармен зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу бойынша педагогтердің жұмысында кейс-менеджментті практикада қолдану дағдыларын дамыту;

3. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ынталандыру.

Күтілетін нәтижелер.

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу жөніндегі педагогтің қызметін реттейтін мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелері туралы білімді жүйелі меңгереді;

2) білім алушыларға зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу бойынша педагогтердің жұмысында кейс-менеджментті практикада қолдану дағдыларын меңгереді;

3) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынастың алдын алу бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ынталанған.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны бағдарлама жоспарын қамтиды, күтілетін нәтижелердің бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерімен байланысын көрсетеді.

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

- 1 модуль. Нормативтік-құқықтық.
- 2 модуль. Мазмұндық.
- 3 модуль. Технологиялық.
- 4 модуль. Вариативтік.
- 5 модуль. Бағалау-нәтижелік модулі.

Модульдер бағдарламаның мақсаты мен міндеттері тыңдаушыларды оқытудың күтілетін нәтижелерінің өзара байланысының логикалық реттілігін ашуға бағытталған.

Бірінші модульде қолданыстағы талаптарды өзгерту немесе жаңа талаптардың пайда болуы мәніне баланың құқықтарын және білім беру ортасында психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алудың негізгі қағидаттарын реттейтін заңнамалық және нормативтік актілер мен құжаттар зерделенеді, білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алудың халықаралық және отандық тәжірибесіне салыстырмалы талдау келтіріледі.

Бірінші модульде тыңдаушылар білім алушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алудың негізгі қағидаттарын реттейтін заңнамалық, нормативтік актілермен және құжаттармен танысады, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және зорлық-зомбылықтың алдын алудың халықаралық және отандық тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасалады.

Екінші модульдің мазмұны «зорлық-зомбылық» ұғымының мәнін, оның түрлері мен формаларын, жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылық және зорлық-зомбылықтың салдарын ашады. Жасөспірімдерде зорлық-зомбылық пен қатыгездік фактілерін анықтау және бағалау үшін психодиагностика әдістері ұсынылады. Жанжал мен зорлық-зомбылық фактісінің айрықша ерекшеліктері көрсетіледі. Суицидтік мінез-құлық қаупі жоғары жасөспірімдерге көмек көрсетуде кейс-менеджмент технологиясын қолдануға ерекше назар аударылады, «тәуекел тобындағы» жасөспірімдермен жұмыс істеу үшін практикалық материалдар ұсынылды.

Бұл модульде зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алуға бағытталған жасөспірімдермен, педагогтармен, ата-аналармен жүйелі жұмыстың мазмұны; білім беру ұйымдарында қорқытуға (буллингке) қарсы іс-қимылдың психологиялық-педагогикалық аспектілері; білім беру ұйымында медиация буллингтің алдын алу құралы ретінде ашылады.

Тыңдаушылардың практикалық іс-әрекетінің түрлері қолданылады: тренингтер, мастер-класстар, дөңгелек үстелдер, іскерлік ойындар, жобалау әдістері және т.б. Тыңдаушыларды рефлексиялық іс-әрекетке практикалық жұмылдыру, жеке ұстанымын көрсету үшін жағдай жасау, кең пікір алмасу қарастырылған.

Үшінші модульде тыңдаушылар тәрбие үдерісіндегі мобильдік және SMART-оқытудың; IT-құралдары және олардың білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу және киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мүмкіндітерімен танысады.

Төртінші модульде тыңдаушылар ұсынған вариативтік тақырыптардың бірінен кәсіби сұраныстарын қанағаттандыратын тақырыпты таңдап, өзіндік білім беру маршруттарын құру мүмкіндігіне ие болады.

Бағалау-нәтижелік **бесінші модульдің** мақсаты – курсты игерудің тиімділігін айқындау, тыңдаушылардың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құруға дайындығын анықтау.

Модуль шеңберінде курс мазмұнына қанағаттану дәрежесі бойынша тыңдаушыларға сауалнама жүргізу жоспарланған.

Күндізгі оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары

Оқу-тақырыптық жоспар оқу сабақтарын өткізудің тақырыптары мен нысандарын, оларды зерделеуге көзделген сағаттар санын ашады.

№	Сабақ тақырыптары	Дәріс	Тәжірибелік жұмыс	Жобаны қорғау. Презентация	Барлығы
1	Нормативтік-құқықтық модуль.	3	3		6
1.1	Зорлық-зомбылықтың алдын алу және білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттарын регламенттейтін заңнамалық және нормативтік актілер мен құжаттар	2	2		4
1.2	Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алудың халықаралық және отандық тәжірибесін салыстырмалы талдау	1	1		2
2	Мазмұндық модуль.	19	39		58
2.1	«Зорлық-зомбылық» ұғымы. Зорлық-зомбылық түрлері мен формалары, жасөспірімдерге қатысты қатыгездік қарым-қатынас. Кейстерді шешу	2	2		4
2.2	Жасөспірімдерге қатысты қатыгездік қарым-қатынас пен зорлық-зомбылықтың салдары. Workshop	2	2		4
2.3	Суицидтік мінез-құлық қаупі жоғары жасөспірімдерге көмек көрсетудегі кейс-менеджмент технологиясы	1	3		4
2.4	Шиеленіс және зорлық-зомбылық. Шиеленіс пен зорлық-зомбылықтың себептері мен салдарын салыстырмалы талдау. «Шиеленістен шығу стратегиясы» тренингі	2	4		6
2.5	Жасөспірімдерге қатысты қатыгездік қарым-қатынас пен зорлық-зомбылық фактілерін анықтау және бағалау. Психодиагностика әдістері	2	2		4

2.6	Алдын алу шаралары кешенді жүйе ретінде. Жағдайларды жақсартуға бағытталған алдын алу шаралары. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар әзірлеу және таныстыру	1	3		4
2.7	Жасөспірімдерге бағытталған алдын алу шаралары. Іс-шаралардың әзірлеу және таныстыру.	1	3		4
2.8	Ересектерге бағытталған алдын алу шаралары. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ата-аналарға арналған іс-шараларды әзірлеу және таныстыру	1	3		4
2.9	Жасөспірім мен ересек арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартуға бағытталған алдын алу шаралары. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тәрбиелік іс-шараларды әзірлеу және таныстыру	1	3		4
2.10	Білім беру ұйымдарында қорқытуға (буллинг) қарсы тұрудың психологиялық-педагогикалық аспектілері. Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу шарты ретінде Жасөспірімдерді ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайындау. Кейстерді шешу	2	2		4
2.11	Медиация білім беру ұйымында буллингтің алдын алу құралы ретінде. «Білім беру ұйымдарындағы Медиация» тренингі	2	4		6
2.12	Жасөспірімдерге арналған буллингтің алдын алу тренингі		6		6
2.13	Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша педагогтармен жұмыс формалары	2	2		4
3	Технологиялық модуль		2		2
3.1	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында киберқауіпсіздік пен зорлық зомбылықтың алдын алуды қамтамасыз етуде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану		2		2
4	Вариативтік модуль	2	4		6
4.1	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің эмоционалды жануының алдын алу. Эмоционалды жанудың алдын-алу бойынша тренингтер				
4.2	Зорлық-зомбылықтың алдын алуда жасөспірімдердің әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту				
5	Бағалау-нәтижелік модуль			8	8
	Қорытынды жобаны қорғау			8	8
	Барлығы:	24	48	8	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қашықтан оқыту курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыптары	Вебинар	Тыңдаушының өзіндік оқуы	Презентация. Жоба қорғау	Барлығы
1	Нормативтік-құқықтық модуль	2	4		6
1.1	Зорлық-зомбылықтың алдын алу және білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттарын регламенттейтін заңнамалық және нормативтік актілер мен құжаттар	2	2		4
1.2	Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алудың халықаралық және отандық тәжірибесін салыстырмалы талдау		2		2
2	Мазмұндық модуль	14	44		58
2.1	«Зорлық-зомбылық» ұғымы. Зорлық-зомбылық түрлері мен формалары, жасөспірімдерге қатысты қатыгездік қарым-қатынас. Кейстерді шешу		4		4
2.2	Жасөспірімдерге қатысты қатыгездік қарым-қатынас пен зорлық-зомбылықтың салдары. Workshop	2	2		4
2.3	Суицидтік мінез-құлық қаупі жоғары жасөспірімдерге көмек көрсетудегі кейс-менеджмент технологиясы	1	3		4
2.4	Шиеленіс және зорлық-зомбылық. Шиеленіс пен зорлық-зомбылықтың себептері мен салдарын салыстырмалы талдау. «Шиеленістен шығу стратегиясы» тренингі	2	4		6
2.5	Жасөспірімдерге қатысты қатыгездік қарым-қатынас пен зорлық-зомбылық фактілерін анықтау және бағалау. Психодиагностика әдістері	1	3		4
2.6	Алдын алу кешенді жүйе ретінде. Жағдайларды жақсартуға бағытталған алдын алу шаралары. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар әзірлеу және таныстыру	1	3		4
2.7	Жасөспірімдерге бағытталған алдын алу шаралары. Іс-шаралардың әзірлеу және таныстыру.	1	3		4
2.8	Ересектерге бағытталған алдын алу шаралары. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ата-аналарға арналған іс-шараларды әзірлеу және таныстыру	1	3		4
2.9	Жасөспірім мен ересек арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартуға бағытталған алдын алу шаралары. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тәрбиелік іс-шараларды әзірлеу және таныстыру	1	3		4
2.10	Білім беру ұйымдарында қорқытуға (буллинг) қарсы тұрудың психологиялық-педагогикалық аспектілері. Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу шарты ретінде Жасөспірімдерді ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайындау. Кейстерді шешу	1	3		4
2.11	Медиация білім беру ұйымында буллингтің алдын алу құралы ретінде. «Білім беру ұйымдарындағы Медиация» тренингі	2	4		6
2.12	Жасөспірімдерге арналған буллингтің алдын алу тренингі		6		6

2.13	Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша педагогтармен жұмыс формалары	1	3		4
3	Технологиялық модуль		2		2
3.1	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында киберқауіпсіздік пен зорлық зомбылықтың алдын алуды қамтамасыз етуде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану		2		2
4	Вариативтік модуль	2	4		6
4.1	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің эмоционалды жануының алдын алу. Эмоционалды жанудың алдын-алу бойынша тренингтер				
4.2	Зорлық-зомбылықтың алдын алуда жасөспірімдердің әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту				
5	Бағалау-нәтижелік модуль			8	8
	Қорытынды жобаны қорғау			8	8
	Барлығы:	18	54	8	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары келесі форматта ұйымдастырылады:

- 1) күндізгі оқу;
- 2) онлайн білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту.

Оқу үдерісі курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Курстың ұзақтығы – 80 сағат.

Оқыту барысында тыңдаушылар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды алады. Бүкіл оқу үдерісі оқытушының және тыңдаушылардың интербелсенді ынтымақтастығына негізделген, бұл зерделенетін мәселені түсінуге, оқу үдерісінің әр қатысушысын оңтайлы ашуға ықпал етеді.

Сабақтарда бағдарламалық материалды игеру мақсатында практикалық жаттығулар орындалады, белсенді және интерактивті оқыту әдістері қолданылады.

Онлайн режиміндегі оқу сабақтары цифрлық технологияларды (бейнедәрістер, вебинарлар, бейнеконференциялар, ZOOM, Microsoft Teams, Google Classroom және т.б. бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, Интернет желісі бойынша хабарламалар алмасу арқылы) нақты уақыт режимінде оқытудың өзара іс-әрекет процессін көздейді.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

7.1. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – бұл оқу үдерісінің ұйымдастырушылық формасына сәйкес келетін және тыңдаушыларға

материалды игерудің қажетті деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін дидактикалық материалды қамтитын оқу-әдістемелік кешен. Оқу-әдістемелік кешен тыңдаушыларға оқу жұмысының нәтижелерін өз бетінше бақылауға, түзетуге және тексеруге мүмкіндік береді.

7.2. Оқу-әдістемелік кешен мыналарды қамтиды:

- 1) «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы
- 2) дәріс тезистері;
- 3) практикалық сабақтардың қысқаша сипаттамасы (жоспарлар, тапсырмалар);
- 4) үлестірмелік материал;
- 5) презентациялық материал;
- 6) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, сонымен қатар, электрондық тасымалдау құралдары;
- 7) Интернет-ресурстардың тізбесі.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Оқыту нәтижелерін қорытынды бағалау алынған білім негізінде жаңасын құрастыру дағдыларының деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін жобаларды қорғау түрінде жүзеге асырылады.

Педагогикалық жобаны бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Баллдар	Ұсыныс, пікірлер
1	Білім беру ұйымы үшін жобаны орындаудың маңыздылығы мен өзектілігі	5	
2	Мақсаттар мен міндеттердің анықтығы, нақтылығы, қолжетімділігі, жобада көрсетілген мәселелерден туындайтын міндеттердің қисындылығы. SMART мақсаттарын қою	5	
3	Жобаның логикалық тұжырымдамасын сақтау, проблема-мақсат-міндеттер-әдіс-нәтиже тізбегінің болуы	5	
4	Кадрлық қамтамасыз ету стратегияларының әзірленуі: міндеттерді бөлу, оқыту және мінез-құлықты басқару	5	
5	Материалдық ресурстардың оңтайлылығы	5	
6	Іс-шаралар жоспарын әзірлеудің мұқияттылығы: іс-әрекеттер, орындаушылар, мерзімдер, ресурстар	5	
7	Жобаны жобаға қатысушылардың жеке дамуына бағыттау	5	
8	Жобаның шынайылығы, оның іске асырылуы	5	
9	Жобаның креативтілігі, бірегейлігі	5	
10	Шешендік өнер	5	

Баллдың жалпы саны	50
--------------------	----

Жобалық жұмыстың презентациясын бағалау үшін келесі критерийлер бөлінеді:

- 2 балл–іске асырылмаған;
 - 3 балл– ішінара іске асырылды;
 - 4 балл–жеткіліксіз орындалды;
 - 5 балл–толығымен орындалды.
- Жоба бойынша ең жоғарғы балл саны–50балл.

Балл сомасын дәстүрлі бағалау нормаларына аударуды мынадай схема бойынша жүзеге асыру ұсынылады:

- «5» (өте жақсы) бағасы 50-40 балл қойылады;
- «4» (жақсы) бағасы 39-20 балл қойылады;
- «3» бағасы (қанағаттанарлық) 19-10 балл қойылады.
- «2» бағасы (қанағаттанарлықсыз) 9 баллдан төмен.

Бағалау шкаласы

Ұпайлар	Деңгей	Белгі
5	жоғары	өте жақсы
4	орташадан жоғары	жақсы
3	орташа	қанағаттанарлық
2	төмен	қанағаттанарлықсыз

Онлайн оқыту кезінде тыңдаушылардың өзіндік жұмысын бағалау критерийлері

Білім беру процесін қашықтықтан ұйымдастырған кезде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, кейстерді қорғау және қорытынды тестілеу ұйымдастырылады.

Өздік жұмысты тыңдаушылар тікелей сабақта оқытушының басшылығымен (аудиториялық формада) немесе өз қалауы бойынша өзіне ыңғайлы уақытта, оқытушы тарапынан тікелей бақылаусыз (аудиториядан тыс формада) орындайды.

Өзіндік жұмыс түрлері бағдарламаның мақсаты мен міндеттерімен айқындалатын тыңдаушылардың кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған: нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, жасөспірімдердің зорлық-зомбылығының алдын алудың халықаралық және қазақстандық тәжірибесін зерделеу; бағдарламаның әдіснамалық негіздерін, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді жерделеу т. б.

Білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін төмендегідей параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнының көрінісі;

2) теориялық материалды қолдану;
3) теориялық ережелерді дәлелдеу және ашу үшін практикадан мысалдар келтіруі;

4) мазмұнның тапсырма тақырыбына/проблемасына сәйкестігі;

5) ұсынылған мәселенің толық және нақты негіздемесі.

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері

Өзіндік жұмысты өткізуге арналған критерийлері төмендегідей бөлінеді:

1) жүзеге асырылмаған – 0 балл;

2) ішінара жүзеге асырылған – 1 балл,

3) толық жүзеге асырылған – 2 балл.

Тыңдаушының өзіндік жұмысты орындау бойынша білімі бағасы баллдық бағаны бес баллдық жүйеге ауыстыруымен жүзеге асырылады:

1) «Өте жақсы»: 9-10 балл, (85-100%);

2) «Жақсы»: 7-8 балл, (75-84%);

3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл, (50-74%).

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу шараларының тізімі. Осы тізімнен тыңдаушылар жеке жоспары үшін тақырыптар таңдайды.

№	Атауы	Аяқталу формасы
1	Курстан кейінгі тәжірибеде зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы жұмысты ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің жеке даму траекториясының жоспарын құру, тренермен келісім.	Курстан кейінгі тәжірибеде зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы жұмысты ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың жеке траекториясының жоспары (Google формасы)
2	Педагогтердің педагогикалық қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ықтимал өзгерістер мен толықтырулар бойынша жеке консультациялар өткізу.	Әдістемелік көмек көрсету үшін жеке онлайн консультациялар
3	Курс аясындағы жарияланымдар бойынша кеңес беру	Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалар (аудандық, облыстық, республикалық)
4	Курстан кейінгі тәжірибе нәтижелері бойынша іс-шараларды ұйымдастыру	Дөңгелек үстел
5	Білім беру жүйесінде зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша табысты тәжірибені талдау және тарату бойынша педагогтердің бастамасымен іс-шараларды өткізуге әдістемелік қолдау көрсету	Вебинарлар, семинарлар, презентация және пікірталас алаңдары, шеберлік сыныптары

6	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогінің кәсіби өсуін зерделеу	-семинарларда, вебинарларда, дөңгелек үстелдерде (аудандық, облыстық, республикалық деңгейде) баяндау; - облыстық, республикалық басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында педагогтердің мақалаларын (бірлескен автор болуы мүмкін) жариялау; - әдістемелік ұсынымдарды жариялау.
---	--	--

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Бала құқықтары туралы конвенция (Біріккен Ұлттар Ұйымы 20 қараша 1989 ж.).
2. Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация. Нью-Йоркте 1990 жылғы 30 қыркүйек.
3. Балаларды жыныстық қанаудан және жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғау туралы Конвенция (Еуропа Кеңесі 2007 жылы 25 қазанда Лансароте қ. Испания).
4. Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция (БҰҰ Бас Ассамблеясы 1960 жылы 14 желтоқсанда қабылданды).
5. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру бойынша қызметтердің шеңбері туралы Саламанка декларациясы. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру бойынша дүниежүзілік конференция: қолжетімділік және сапа (Саламанка, Испания, 1994 ж.).
6. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді-20.04.23 № 226 5-бап. т.т 38-1, т.т 38-2, 6 бап. 1т.
7. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 Заңы. Б. 7. т.т 12. Б.
8. «Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты Баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілде N 219-II Заңы.
9. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 20.04.2023 № 226-VII Заңы.
10. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қ.Р 20.04.2023. № 226-VII Заңы.

11. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214 Заңы. Т. 1, б.4, 15, Т. 3, б.16-19.

12. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169 Заңы Т. 3, б.10.

13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 240 Заңы 127 Б-1.

14. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 221-VII Заңы.

15. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. Мазмұны алып тасталды – ҚР 03.05.2022 № 118-VII.

16. «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.

17. «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлық, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 Жарлығы.

18. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізіатты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығы., өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 Жарлығы.

19. «Балалардың хал-ахуал индекcін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімі.

20. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы, Қағида жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022 №415 бұйрығымен.

21. «Кәметке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу жөніндегі ведомствоаралық өзара

іс-қимыл жөніндегі басшылықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №569 бұйрығы.

22. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысы, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 қаулысы.

23. «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстанның киберқалқаны») бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысы., өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 қаулысы.

24. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 384 бұйрығымен.

25. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы.

26. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

27. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

28. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 бұйрығымен., 6, 10, 15, 16, т/т 3. Т.

29. «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. 2 т, 1Т.

30. «Кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 569 бұйрығы.

31. Алимова М.А. Суицидальное поведение подростков: диагностика, профилактика, коррекция. Барнаул, 2023. – 100 с. [Электронный ресурс].

32. Березина М.А., Муслумов Р.Р., Томина Н.А., Церковникова Н.Г. Профилактика насилия и жестокого обращения с детьми. Профилактика эмоционального выгорания специалистов. Методическое пособие. – Екатеринбург, 2020. – 232 с.

33. Горбушина, А. В. Суицидальное поведение подростков: диагностика и профилактика: учебное пособие / А. В. Горбушина, А. С. Власов. – Киров: Изд-во МЦИТО, 2021. [Электронный ресурс].

34. Мальцева О. А. Профилактика жестокости и агрессивности в школьной среде и способы её преодоления. URL: <http://do.gendocs.ru/docs/index-66084.html>

Косымша әдебиеттер

35. Предотвращение насилия в образовательных организациях: информационно-методическое пособие для руководителей и педагогических работников образовательных организаций/Глазырина Л. А., Костенко М. А., Лопуга Е. В. / под ред. Епоян Т. А.; Уполномоченный по правам ребенка в Республике Карелия и др. – 3-е издание, переработанное. – Петрозаводск: Verso, 2020.

36. Формирование психологически безопасной образовательной среды: диагностический инструментарий, программы и технологии. Методические рекомендации для педагогов-психологов / авт.-сост.: Е. В. Мазурова. – Барнаул: КГБУ «Алтайский краевой центр психолого-педагогической и медико-социальной помощи», 2019. – 72 с. [Электронный ресурс].

37. Юрков Г. А. Ранняя и непосредственная профилактика противоправного насилия в среде несовершеннолетних. URL: <http://www.superinf.ru>

38. К вопросу о насилии как научном понятии / Сафа Сахиб Мамедова. Молодой ученый. – 2016. – № 8 (112). URL: <https://moluch.ru/archive/112/28582>

39. Фейдл Ч., Бялик М., Триллинг Б. Четырехмерное образование: Компетенции, необходимые для успеха / Чарльз Фейдл, Майя Бялик, Берни Триллинг: Пер. с англ. – М.: Издательская группа «Точка», 2019.

40. Школьный климат: концепция и инструмент измерения /Д. А. Александров, В. А. Иванюшина, Д. К. Ходоренко, К. А. Тенишева/ Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики», Лаборатория социологии образования и науки НИУ ВШЭ – Санкт-Петербург. – М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2019.

41. Оценка насилия в отношении детей в школах Казахстана. Учреждение Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан и Представительство ЮНИСЕФ в Казахстане при поддержке Министерства иностранных дел Норвегии. Астана, 2013. <http://unicef.kz/uploads/posts/00000837.pdf>

42. Руководство по реализации программы «Профилактика и реагирование на насилие в школах в Восточно-Казахстанской области». Детский фонд ООН

(ЮНИСЕФ) в Республике Казахстан и др., 2020. [http:// unicef.kz/files/00001478.pdf?sid=5gck3bm22av1fhn1tngqlk35h2](http://unicef.kz/files/00001478.pdf?sid=5gck3bm22av1fhn1tngqlk35h2)

43. Шерьязданова Х.Т., Ауталипова У.И. Возрастная психология. Учебник, 2019. – 360 с.

«Профилактика насилия в организациях технического и профессионального образования»

1. Общие положения

Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогов «Профилактика насилия в организациях технического и профессионального образования» (далее – Программа) предназначена для педагогов-психологов, социальных педагогов, педагогов-организаторов, кураторов, воспитателей общежития организаций технического и профессионального образования (далее - ТиПО).

Актуальность данной Программы обусловлена необходимостью развития профессиональных компетенций педагогов в применении интерактивных стратегий воспитания и социализации личности в профилактике насилия и повышения эффективности деятельности организаций технического и профессионального образования в соответствии с современными требованиями государственной политики воспитания и обучения.

